


**Нарын құмында жаңа
археологиялық объектілер мен
артефактілерді анықтау: барлау
және зерттеу.**

- 
- ▶ **1.2. Өтінім берілетін ғылымды дамытудың басым бағытының атауы** 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер.
 - ▶ **1.3. Өтінім берілетін мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы, зерттеу саласы мен түрі:** 7.2.3. Археология отандық тарихтың теориялық-әдіснамалық мәселелері контекстінде; отандық тарихтың жаңа парадигмалары контекстіндегі археологияның теориялық-әдіснамалық мәселелері.
 - ▶ **1.4. Жобаның басталатын және аяқталатын болжамды күні, оның айлармен көрсетілген ұзақтығы.** 9 ай – 01.04.2023-31.12.2023
 - ▶ **1.5. Гранттық қаржыландырудың сұратылатын сомасы (жобаның бүкіл іске асырылу мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңгеде):**
 - ▶ Барлығы – **3 906 690** теңге

▶ **Жобаның мақсаты:**

- ▶ Нарын құмында археологиялық барлау-зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы жаңа археологиялық ескерткіштерді, артефактілерді анықтау. Алынған материалдық заттар бойынша апробациялық жұмыстар жүргізу, тарихи-мәдени ескерткіштердің топографиясын сызу, мәдени қатыстылығын айқындау.

▶ **Жобаның міндеттері:**

- ▶ Жобаның зерттеу аясы шеңберінде төмендегіше міндеттер атқарылады.
- ▶ - Белгіленген территория бойынша археологиялық барлау-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ▶ - Жоба барысында анықталған тарихи-мәдени ескерткіштерге және артефактілерге археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ▶ - Тарихи-мәдени ескерткіштерінің ерекшеліктерін, хронологиясын және этномәдени интерпретациясын анықтау негізінде материалдарды жинақтау, жүйелеу және талдау;
- ▶ - Рухани және материалдық мәдениеттің жаңадан алынған материалдарын жүйелеу, хронологиясын анықтау және талдау;
- ▶ - Тарихи-мәдени ескерткіштерді жасаған тайпалар мен халықтардың материалдық, рухани мәдениеті және басқа да дәстүрлерінің трансформациялану ерекшеліктерін фиксациялау;
- ▶ - Web of Science деректер базасында Arts and Humanities Citation Index немесе Social Science Citation Index-те индекстелетін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентілі бар ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала немесе рецензияланған шетелдік және (немесе) БҒСҚК ұсынған отандық басылымдарда 1 (бір) мақала немесе шолу публикациялау.



- ▶ Жоба негізінде Солтүстік Каспий маңы территориясында орналасқан Нарын құмында археологиялық барлау-зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Анықталған тарихи-мәдени ескерткіштер және артефактілер бойынша фактілік материалдарды өңдеу және талдау барысында салыстырмалы типология, жіктеу және жүйелеу әдістері де қолданылады. Бұл мәселені әзірлеуде артефактілердің классификациясы мен типологиясының белгіленген әдістері, іргелес аумақтардағы материалдарды тарта отырып, салыстырмалы талдау жүргізіледі.
- ▶ Археологиялық ескерткіштер мен артефактілерді зерттеудің белгіленген ережелеріне, нормаларына және әдістеріне сәйкес әдіс-тәсілдер қолданылатын болады. Барлау-зерттеу жүргізілген аумақтардағы анықталған ескерткіштерді картаға түсіру әдістері жүргізіледі.
- ▶ Зерттеу барысында ғылыми этика принциптері толық сақталып, ғылыми деректерді қолдан жасауға, зерттеу деректерін бұрмалауға, плагиатқа және жалған бірлескен авторлыққа жол берілмейді. Алынған зияткерлік меншік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын болады.

▶ **Күтілетін нәтижелер [750 сөзден артық емес]**

- ▶ - Құрманғазы және Исатай ауданы территорияларындағы Нарын құмында жаңа археологиялық нысандар мен артефактілер анықталады;
- ▶ - Археологиялық нысандардың топографиялық сызбасы жасалып, орналасу координаты белгіленеді;
- ▶ - Web of Science деректер базасында Arts and Humanities Citation Index немесе Social Science Citation Index-те индекстелетін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентилі бар ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала немесе рецензияланған шетелдік және (немесе) БҒСҚК ұсынған отандық басылымдарда 1 (бір) мақаладан және(немесе) шолу публикацияланады
- ▶ - Алынған нәтижелерді шетелдік патенттеу бюроларынан (еуропалық, америкалық, жапониялық) патенттеу мүмкіндігі. Жоқ.
- ▶ - Археологиялық барлау-зерттеу негізінде анықталған артефактілер мен нысандар университеттің ғылыми базасын толықтырады;
- ▶ - Жоба нәтижелерін тарату мақсатында әлеуетті пайдаланушылар, ғалымдар қоғамдастықтары және ЖОО студенттеріне арналған ғылыми-семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады; Жергілікті және республикалық БАҚ құралдарымен іс-шаралар жасалады;